



Nur Qorǵaljyn

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ


30 ЖЫЛ

НҮР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 59 (651) БЕЙСЕНБІ 23 ЖЕЛТОҚСАН 2021 ЖЫЛ



Ағымдағы жылдың 15-ші желтоқсанда сағат 09:00 де Қорғалжын аудандық "Nur Otan" партиясы филиалында, Қорғалжын аудандық "Nur Otan" партиясының төрағасы, аудан әкімі Берік Амантайұлы Жанбаевтың төрағалығымен, аудандық мәслихатының хатшысы Берік Оралбайұлы, бюро мүшелерімен Саяси Бюро кеңесінің отырысы өтті. Саяси Бюро кеңесі барысында жол картасы бойынша атқарылған жұмыстар мен 2022 жылға арналған жоспарлар бекітілді.


"Nur Otan" партиясының
Қорғалжын аудандық филиалы



CORONA
VIRUS2020 / KZ

Елдегі эпидемиологиялық жағдай тұрақты, барлық мемлекеттік органдар тиісті жұмыс жасауда. Алайда, босаңсуға болмайды. «Омикрон» тіркелген елдерден Қазақстанға күніне шамамен 350-дей адам келіп-кетуіне байланысты, мемлекеттік шекарадан ету пункттерінде бақылауды күшейту қажет.

ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ
ҚР Премьер-Министрінің орынбасары



«Қар жауғанда...»

Үйге кіре бергенде тік орналасқан бөлменің жоғарыдағы үлкен терезесінен көз алмай қарап тұрған кіші бойлы жеті оқитын қыз алғашқы жауған қарға тамсанып, ойланып тұрды. Бала шағында әжесінен «Қарашаның қары түссе, сол қалады» деген сөздері есіне келді. Иә, шынымен

оқитын еді. Екі қабатты ескі мектеп болса да, Мөлдір үшін ең қасиетті орын осы еді. Есіктен кіре есіне үй тапсырмасын есіне түсіріп, үстінгі қабатқа көтеріліп кетті. Физика кабинетіне қарай жол тартты. Класска кіргені сол екен тақта алдында шашы да, қабағы да түйілген қатал мұғалім



де әлі қараша емес пе еді?! Екінші тоқсанның басталғанына да шамалы уақыт болды. Енді осымен қыс басталды ма деген түрлі ойлар Мөлдірдің маңайын жағалай берді. Солай ойланып, қиялға шомып тұра берген Мөлдір анасының дауысын естігенде бәз бір ұйқыдан оянғаны болды.

- Қызым, шайынды жасай ғой, қазір әкең де келіп қалады – деді ақ құба келген, басында гүлді жаулығы бар жас келіншек.

Мөлдірдің көз алдында анасының осы бейнесі мәңгі қалды. Себебі, кейін анасы сырқаттанып қалады. Мөлдір өте зерек қыз. Ол ақылды, дарынды, әрі ашық жарқын мінезі бар. Айналасында достары көп. Түскі астан соң Мөлдір дереу сабаққа жиналды. Оның бір інісі мен сіңілісі бірінші ауысымда

мен бірнеше ұл бала тұрды. Мөлдір аяғын аңдап басып кабинетке кірді де, мұғаліммен барынша дауыстап, дұрыстап амандасып алды. Қатал ұстаз Мөлдірді партасына дейін көз қырымен шығарып салды. Себебі, Мөлдір сынып старастасы болатын. Кіруге қоңырау соғылды. Сырттағы оқушылар сыныпқа кіріп, орындарына жайғаса кетті. Бір кезде, мұғалім:

- Мөлдір, тұр орнынан – деді мұғалім ашуланып, назарын терезінің алдындағы бөлме гүлдеріне бұрды. Сен осы сыныптың әкімгері ретінде барлығын қадағалап жүруге тиіс емеспісің?! А? Мынауын не? өсіп тұрған гүлдерді түгел жайратып тастаған. Сол кезде Мөлдір асып-сасып, не айтарын білмей, үндемей тұрды.

Сабақ аяқталып, барлығы үйге қарай бет алды. Мөлдір болса, тыста сыныптастарын күтіп тұрды. - Бұларын не? деді ол шыға берген долстарына. Сендер тіпті күшкентай бала секілдісіңдер ғой, төрт жылдан соң мектеп бітіреміз, не бұларын?! Деді мөлдір зекіп те, таңырқап та, мұңайып та.

- Әй, қойш, сол гүлде не шаруаң бар сенің деп топ арасынан бір ширақ дауыс шықты. Ол Әділет еді. Класстағы бұзық бала. Сол екені белгілі болды гүлдерді жәбірлеген. Кейін ол өте тамаша жігіт болып өседі.

Мөлдір, үйге келіп, кешке қарай көкжиекті тамашалағанды ұнататын. Тіпті көз дәрігерінің оған көкжиекке көп қарасан, көзін емделеді дегені бар емес пе?! Күндер, айлар, жылдар өте берді. Мөлдір мектеп бітіріп, армандаған суретші мамандығына оқуға түседі. Достары да жан-жаққа оқуға аттанып кетті. Алайда, ауылға әр барған сайын оның көз алдында сол үй, сол анасы жаулығы гүлді-гүлді, сол әкесі мұрты мен шашы қап қара, кішкентай бауырлары бірден келеді. Әкесімен рухани жақын болған Мөлдір ол кісіден көп өнеге алып өсті. Әкесі қызметтегі, оқыған, білімді, салиқалы бір сөзбен айтқанда жақсы адам. «Менің Әкем» деп Мөлдір университеттің аудиториясында отырғанда группаластарына мақтанышпен айтып отыратын. Қазір өз мақсатына қол жеткізіп, суретші-дизайнер болып қызмет ететін Мөлдір бақытты жар, ана, әйел. Дегенмен, оның көңілінде сол балалық шағына, ауылына деген сағынышы оттай ыстық. Сол бөлме, сол бір орташа терезенің алдында тұрған кішкентай қыздың бейнесі мәңгі оның жүрегінде...

Мөлдір Құрман
(Жалғасы келесі сандарда)

Архивтік анықтама беру Мемлекеттік қызметі

«Қорғалжын ауданының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Архивтік анықтама» беру мемлекеттік қызметін ұсынады. Мемлекеттік қызмет-әлеуметтік құқықтық сипаттағы ақпаратты растайтын архивтік анықтама тегін.

«Азаматқа арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қорғалжын аудандық бөлімшесі (ХҚҚО) немесе электрондық үкіметтің веб-порталы (ЭҮП) WWW.egov.kz. ТМД елдерінің азаматтары үшін пошта арқылы.

Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы ақпарат алу үшін мына мекен жай бойынша хабарласуға болады.

Ақмола облысы, Қорғалжын ауылы, анықтама телефоны 2-12-87, e-mail achiv_kor.@akmola.gov.kz)

Қорғалжын ауданы
мемлекеттік архиві КММ.

Государственная услуга «Выдача архивных справок»

Государственное коммунальное учреждение «Государственный архив Коргалжынского района» оказывает государственную услугу «Выдача архивных справок». Государственная услуга - архивная справка о подтверждении сведений социально правового характера предоставляется бесплатно через отдел

Коргалжынского районного филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (ЦОН) по Акмолинской области, либо через веб-портал электронного правительства (ПЭП) WWW.egov.kz для граждан СНГ по средствам почты.

С информацией по предоставлению государственной услуги можно обратиться по адресу село. Коргалжын улица. Болганбаева, 14 телефон для справок 2-12-87 электронный адрес achiv_kor.@akmola.gov.kz)

КГУ Государственный архив
Коргалжынского района.

Құқық саласында

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тың бастамаларды арқау етіп аса шебер де көркем тілмен жазылған жаңғыру ұсыныстары халықтың көкейіндегісін дөп басып, тұшына оқып, жер-жерде кеңінен қолдау тауып, нақты іске басшылыққа алынып жатқаны баршаға аян. Осы бағдарламалық ұсыныста мынандай жолдар бар: «Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар.

Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек». Қорғалжын ауданының Ішкі істер бөлімінде Тәуелсіздігіміздің туын абыроймен көтерген мықты тұлғалар еңбек етті. Атаулы тұлғаның бірі марқұм, генерал-майор Мұқышев Бекболат Бапанұлы. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіргені, Заң саласындағы қым-қиғат 37 жылға созылған қызметінде учаскелік уәкіл, аға уәкіл боп, бөлім және аудандық, облыстық ішкі істер органдарын басқарды 1980 жылы Шортанды аудандық милиция бөлімінің бастығынан Мәскеудегі Ішкі істер министрлігі академиясының күндізгі екіжылдық бөліміне оқуға жіберді. Одан соң Ақмола облыстық қылмысты іздестіру бөлімі бастығының орынбасарлығынан министрлік жаңадан құрылып жатқан Торғай облыстық ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасарлығына тағайындалды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының дүрбелеңіне куә болды. АрқМПИ-дің студенттері мен оқытушылары топ-топ боп жалаулатып-алаулатып үдере көтеріліп көшеге шыққанда, Бекболат Мұқышев оқиғаға орай жедел құрылған штабты басқарды. Ол кезде іргедегі Державин қаласында кеңестік әскери полигон бар, олардың жасақтары, арнайы жасақталған полиция наряды мүлт кетсе лап беруге дайын тұрған осы жауапты кезеңде жастарды ақыға тоқтатып, қан-төгістің алдын ала білді. Көп ұзамай облыс тарап, Батыс Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасына бастық болып тағайындалды.

Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі енді енді ғана жарияланған тұста аңдамасаң жан-жақтан төніп тұрған қауіп зор. Ұлтшылдар, әсіресе, Оралдағы казактар Қазақстанды іштен ірітуге, өздерінше автономия құруға жанталаса әрекет етіп жатқан кез. Оралдағы қызметі те осындай алмағайып түспен дөп келді. Ақыл-айла, темірдей салқынқандылық пен сабырлықты қажет етті. Казактарды қорғауға сырттан қарулы күш кіруге ентелеп тұрды. Шешуші сәтте қиыннан жол тауып елді де, халықты да аман алып қалды. Азамат ісі ел есінде қалды.

Генерал шенді Бекболат Бапанұлының ендігі кәсіби зейнеткерліктен соңғы республикалық зейнеткерлер ұйымындағы қызметінде абыройлы жүргізе білді.

Еңбектері «Парасат» ордені, «Ерен еңбегі үшін», басқа да 13 медальдармен дәлелденді. Қылмыспен күресте Ақмола облысы бірінші орынды иеленген 1984 жылы КОПК ОК-і мен Министрлер Кеңесінің Ауыспалы Қызыл Туын облыстың ішкі істер басқармасына

Жастар сарайында табыс етілуі облыс қана емес, республика үшін үлкен жетістік деп саналды. Бес қырлы «Отличник милиции» құрмет белгісі осындағы ІІБ-сының акт залында халықтың алдында бастығымыз Ұлы Отан соғысының ардагері М. Васютин тапсырды. Ол кезде Қорғалжын аудандық ішкі істер басқармасының бөлім бастығы еді. Осы құрмет белгісі бірінші болып тапсырылғаны қандай құрмет Қорғалжын елі үшін. Қорғалжындағы еңбек жолында облыста бірінші болып Жоғарғы Кеңестің жарлығымен «За отличную службу по охране общественного порядка» медалімен марапатталды. Оны да бірінші боп иеленді.

Ардагерлер ұйымының отызжылдық салтанатты жиынында Мемлекеттік хатшы Г. Әбдіхалықова өз қолымен «Алтын барыс» төсбелгісін тапсырды. Республикалық «Құрмет кітабына» есімі алтын әріппен жазылды.

Қорғалжын мақтанышы, атаулы тұлғаның бірі ҚАМАНОВ Файзолла Қаманұлы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі.

1960 жылы 30 қыркүйекте Ақмола облысы, Қорғалжын ауылында дүниеге келген. 1982 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын бітіріп, 1982-1984 - КСРО Қарулы Күштері қатарында офицер болып қызмет етті. Украинаның Тернополь облысы, Кременец қаласында орналасқан 93260 әскери бөлімінде техникалық батарея командирінің орынбасары болып қызмет атқарды. 02.1985 - 10.1985 жылы - Қорғалжын аудандық комсомол комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарды. КСРО Ішкі істер министрлігінің Саратов қаласындағы БХСС жедел қызметкерлерін даярлау бойынша жоғары курсының студенті болды, 1986-87 жылдары Целиноград облысында ішкі істер басқармасында жедел қызметтерде, 1987-1988 жылдары - Қорғалжын ауданының АІБ еңбек жасады. 1992 - 1994 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ГУБОП/ИК Ақмола облысы бойынша ішкі істер бөлімінің аға тергеушісі. 1994-2016 - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінде жедел және басқарушылық қызметте болды. 2013-2014 - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Арыстан қызметінің бастығы. 2017-2019 - «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК АҚ күзет қызметінің бастығы, 2019-2020 - «Uran KZ» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы. 15.01.2021 жылы партиялық тізімнен жетінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, НІПК партиясының мүшесі сайланды.

Қорғалжынның құқық саласында

еңбек еткен атаулы азаматтың бірі Ахметов Қабыкен (1935-2002 ж.ж.) қарағанды Жоғары милиция мектебін бітіргеннен кейін 1959-65 жылдары Қорғалжын АІБде МАИ қызметінде, 1965-74 жылдары МАИ қызметінің бастығы, 1974-81 жылдары Қорғалжын АІБ бастығының саяси-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, 1981-83 жылдары оперативті мәселелері бойынша бірінші орынбасары, 1983-87 жылдары Сілеті ауданының АІБ бастығы болып 1987 жылы подполковник шенімен зейнеткерлікке шықты. 1975 жылы Қорғалжын аудандық кеңесінің депутаты, 1977, 1980 жылдары поселкелік кеңестің депутаты болып сайланған.

«Мінсіз қызметі үшін» үш дәрежелі, «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Милиция үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Ахметов Шапағат 1947 жылы Қорғалжында туған. 1974 жылы Алматы милиция мектебін үздік бітіріп, 1972-85 жылдары Қорғалжын АІБ үзліссіз еңбек етті. 1995 жылы осы саладан құрметті демалысқа шығып, Салық полициясының аумақтық бөлімінің бастығы болып еңбек етті. 2008 жылдан аудандық Ардагерлер кеңесіне төрағалық етті. Аудандық мәслихат депутатылығына сайланған.

Қорғалжын АІБ де 1983 жылдан зейнеткерлікке дейін ұзақ жыл құқық саласына еңбегі сіңген азаматтардың бірі Балмағанбетов Болат Қаппасұлы (1959-2020 ж.ж.). Қорғалжын АІБ де еңбек жолын бастап, аудандық, облыстық деңгейде басшылық қызметін атқарған Сарқытбаев Серік Жолымбетұлы (1960-2006 ж.ж.).

Қорғалжын аудандық Ішкі істер бөліміне қазақ елінің тәуелсіздік алған жылы Ыдырысов Елес 1993 жылға дейін басшылық етті.

1948 жылы Қорғалжын елінде дүниеге келген Елес Ыдырысов ІІМ Арнайы милиция мектебін бітірген. 1974-1984 жылдары Қорғалжын аудандық ІІБ учаскелік инспектор, қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы, 1987 жылдан аудандық ішкі істер бөліміне бастық болып қызмет атқарды. «Құрмет» орденінің иегері. Бөлімнің мемлекеттік тілде іс жүргізілуіне аудандар арасында бірінші ықпал еткен азамат.

1993-1997 жылдары Есов Алтынбек Қорғалжын аудандық ІІБ. 1997-2000 жылдары Абраев Сәуір, 2000-2007 ж.ж. Ғали Асхат, 2007-2012 ж.ж. Әбішев Амангелді, 2012-2017 ж.ж. Ахметбеков Жұмабек басшылық етті.

Қорғалжын аудандық ІІБ де сержанттық шеннен барлық салаларда өз елінде ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан Сарбалдин Нұржан Тілеуберсінұлы 1960 жылы Қорғалжын ауданында дүниеге келген.

Еңбек жолын Германияда әскери қызмет қатарынан бастап, ұйымдастыру қабілеті жоғары, іскерлігімен көзге түсіп командир болып, сержант шенімен елге оралды. ҚР ІІМ Шымкенттегі орта арнаулы мектебіне түсіп, 1982 жылдан еңбек жолын бірден Қорғалжын аудандық ішкі істер бөлімінен бастады. Қиындығы мен өзіндік қыр-сыры көп орган жұмысы әрине білімділікті, төзімділікті, қажырлықты талап етеді. Алматы орта милиция мектебін аяқтасымен, 1999 жылы Алматы жоғары тергеу мектебін бітірген. Нұржан Тілеуберсінұлы 1982 жылдан қарапайым инспектор, бөлім бастығы, соңғы он жылдан бері бөлім бастығының кадрлар ісі жөніндегі

орынбасары қызметінде еңбек етті. Яғни, 1982 жылы сержант шенімен милиционер болып үлкен еңбек жолын бастаған азамат осы салада 30 жылдан астам, оның ішінде 15 жылдан астамы аудандық ішкі істер бөлімінде басшылық етіп, 2010 жылы үлкен дәрежемен, адал қызметінің арқасында абыроймен отставкаға шықты. Жарты ғасырлық ғұмырының көбін сақшылыққа арнаған Нұрекеннің өз ортасында орыны бөлек, тұлғасында ерекше болды. Оның басты жетістігі өңірлік ішкі істер бөліміне білікті кадрларды іріктеуінде болып табылады.

Өткен ғасырдың 80-90 жылдары құқық саласындағы өзгерістер мен реформаларға қатысып, жергілікті кәсіби кадрларды қалыптастырып, білікті мамандардың, жас буынның қанатын қатайтып, жоғарылауына аянбай ат салысты. Жаңа әлеуметтік талаптарға бейімделуге үйретіп, қызметтік тәртіп пен адамгершілік қоғамдық қатынастардың арқауын бекіте түсті. Талай жастарға тәлімгер болып, өзі тәрбиелеген қызметкерлерінің көбі аудандарда, Астана, Көкшетау қаласының белді мекемелерінде басшылық қызметтер атқаруы осыған куә. Сол кездегі шәкірттердің алды зейнеткерлікке де шыға бастады. Еңбегі еленіп құрметті демалысқа шыққанда аудан басшылығының қолдауымен Қорғалжын аудандық мәслихатының 19.04.2010 жылы №5/21 шешімімен «Қорғалжын ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Мұндай жоғары сенім облыс аумағында бірінші рет көрсетіліп отырған көрінеді.

Елеулі еңбегі еш кетпегеніне 50 шақты алған марапаттары куә. 2006 жылы ҚР ІІМ №871 бұйрығымен «ҚР ішкі істер органдарының ардагері» медалі, 2008 жылы ҚР ІІМ №344 бұйрығымен «Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін» медалімен, «ҚР ішкі істер органдарының ардагері 25 жыл», 1990, 2010-2020 жылдары ҚР ІІМ №255 бұйрығымен «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» 1, 2, 3 – дәрежелі медальдарымен, 2002 жылы «ҚР ІІМ Үздік қызметі үшін» кеудеге тағатын белгісі, 2012, 2017 жылдары ҚР ІІМ №158 бұйрығымен «Қазақстан полициясына 20, 25 жыл» омырау белгілерімен, 2017 жылы «ҚҚОАҚ» ҚБ №07 10 қаңтардағы кеңес қаулысы бойынша «Ішкі істер органдарының Ардагері» медалі, 2017 жылы Халықаралық полиция ассоциациясының «100 лет Советской милиции» медалі, 2018 жылы №627 Ақмола облысы ІІД бұйрығымен «Қылмыстық іздестіру қызметіне 100 жыл» медалі, Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық кеңесі Президиумының 2018 жылы 4 маусымда №40 қаулысымен «ІІМ-нің құрметті ардагері» омырау белгісі, 2018 жылы 1-қазанда «Қазбат жауынгерлік іс-қимылдар және бітімгершілік операциялар одағы» Республикалық ҚБ №238 бұйрығымен «Қазақстан патриоты» медалі, Ақмола облысының полиция департаментінің 2019 жылғы 17 маусым №535 бұйрығымен Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» медалімен, облыстық ІІД-нің Құрмет грамоталары, Алғыс хаттарымен» марапатталған. 2011 жылы есімі Халықаралық энциклопедияға кіргізіліп, Құрметті белі табысталған. Бүгінгі күнге дейін Ардагерлер кеңесіне жетекшілік етіп, жұмысын жандандыра түсуде.

Жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау туралы естеріңізге саламыз!

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Илломинацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Мерекке аяқталған соң шыршаны үйде ұзақ ұстаудың қажеті жоқ. Кеуіп қалған қылқанның өрт қауіптілігі жоғары болады. Сонымен қатар, синтетикалық материалдардан дайындалатын жасанды шыршалардың өрт шығу қаупі бар және олар жанған кезде денсаулыққа қауіпті улы заттар бөлінеді.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қаупі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертігуі өлден мүмкін. Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн.

Пиротехниканың барлық түрі тек далада пайдалануға арналған!

– отшашуға арналған орынды таңдап алыңыз. Мұның кең ашық алаң болғаны дұрыс – мысалы,

ағаштар мен құрылысы жоқ аула, бақ немесе алаң.

– таңдап алынған жерді мұқият қарап шығу керек, жанында өрт шығу қаупі бар нысандар, автокөлік тұрақтары, ағаш қоралар немесе гараждар 100 метр радиуста болуы тиіс.

– отшашу кезінде айналасында түскен жапырақтар мен қылқандар, құраған шөп болмауы қажет, өйткені бұлар кенеттен ұшқын түскен болса, өртенуі мүмкін.

– көрермендердің қайда болатын алдын ала ойластырыңыздар. Оларға жақсы көрінуін және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек, бұл үшін оларды жел соқпайтын жақтан отшашу алаңынан 35-50 метр қашықтықта оларға жел арқылы түтін мен бұйымдардың жанбаған бөліктері ұшпайтындай етіп орналастыру қажет.

– егер сіздің аулаңыз шағын әрі тар болатын болса, онда петарда, шартылдақ, шығыр сияқты жерге



жағылатын түрлерін ғана пайдалану қажет, мұндай жерде жоғары қарай ұшатын отшашу түрлерін тіпті қолдануға болмайды. Оларды тұрғын үйлер мен құрылыстардың қасында мүлде пайдалануға болмайды: олар терезеге түсіп, шатырға өтіп, өрттің себебіне айналуы мүмкін. Ең дұрысы үйден тыс жерге барып пайдаланған жөн.

Қорғалжын ауданы ТЖБ және №15-ӨСБ

Қорғалжын аудан аумағында «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс шарасы өткізіледі

Қорғалжын аудан көлемінде жаңа жыл мерекесін өткізу кезеңінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдар айналымының белгіленген қағидаларын сақтауын бақылау мақсатында 2021 жылдың 15 желтоқсан – 2022 жылдың 03 қаңтар аралығында «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

ЖПШ өткізу мақсаты- сертификатталған пиротехникалық өнімдерді қауіпсіз қолдану нұсқаулығы болған кезде, оларды сатуға арнайы белгіленген орындардан ғана сатып алуға азаматтардың назарын аудару, жалпы білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандардың азаматтық пиротехникалық бұйымдарды пайдалануын болдырмау және өртке қарсы және жеке қауіпсіздік шараларын түсіндіру, заңды және жеке тұлғалардың азаматтық пиротехникалық бұйымдарды сатып алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, әкелу, әкету тәртібін сақтауын қамтамасыз ету.

Жаңа жылды мерекелеу кезеңінде азаматтық пиротехникалық бұйымдарды қолданумен байланысты құқық бұзушылықтың профилактикасына бағытталған, оның барысында:

Сертификатталмаған пиротехникалық бұйымдардың бей-берекет саудасы, сондай-ақ рұқсат құжаттарысыз сату фактілерін анықтауға және жолын кесуге бағытталған рейдтік іс-шаралар жүргізу, бұл ретте адамдар жаппай жиналатын орындарды (сауда-ойын-сауық мекемелері, сауда және спорт объектілері, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет ұйымдары, қонақ үйлер, қоғамдық тамақтану объектілері, вокзалдар және т.б.) тексеру.

Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесі



Қорғалжын аудандық пробацзия қызметінің 2021 жылдың атқарылған жұмысының қорытындысы

Қорғалжын аудандық пробацзия қызметінің есебінен 2021 жылы 28 қоғамнан оқшаулауға байланысты емес сотталғандар өтті.

Бүгінгі күнде Қорғалжын аудандық пробацзия қызметінің есебінде тұрған сотталғандардың арасынан қайта қылмыс жасағандар жоқ. Бұндай жағдайлардың алдын алу үшін, немесе ондай жағдайды туғызбас үшін пробацзия қызметі Қорғалжын АПБ-мен, ҚР ІІМ 2014 жылғы №517 бұйрығы бойынша тығыз байланыста жұмыстар атқаруда. Пробацзия қызметінің қызметкерлері ЖПҚ-нің учаскілік полиция инспекторларымен бірігіп, сотталғандардың тарапынан құқық бұзушылықты және қайта қылмыс жасаудың алдын алу мақсатында тұрғылықты мекен жайы бойынша тексеріліп профилактикалық мәні бар әгіме жүргізуде.

Пробацзия қызметі қоғамнан

оқшаулауға байланысты емес сотталғандардың сот міндеттемелерінің орындалуын қатаң қадағалаумен қатар, әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді. Әлеуметтік-құқықтық көмек әрқайсысына қажеттілігіне байланысты көрсетіледі.

Әлеуметтік- құқықтық көмек көрсету барысында жеке бағдарламалар көшірмесі жергілікті атқару органдарының, денсаулық сақтау, білім беру және басқа да мемлекеттік органдарына, сонымен қатар мемлекеттік емес ұйымдарға жолданады.

Қорғалжын аудандық пробацзия қызметі жергілікті атқару органдарымен басқа да ұйымдармен жеке дайындалған бағдарламаға сәйкес әлеуметтік- құқықтық көмек көрсетуде ауқымды жұмыстар атқаруда.

Мәселен, пробацзия қызметі жыл басынан 26 сотталғанға жеке бағдарламасы бойынша

33 әлеуметтік- құқықтық көмек көрсетілген, оның ішінде: 10 сотталғанға ем алудан көмек көрсетілген, 11- сотталған жұмысқа орналастырылды, 1- сотталғанға білім алуына көмек көрсетілген, 1 сотталғанға біржолғы жәрдемақы төленді, 11 сотталғанға психологиялық көмек көрсетілді.

Брақ, сотталғандардың арасынан сот жүктеген міндеттерді орындамайтын, уақытылы пробацзия қызметіне тіркеуге келмейтін және жаза талабын орындамайтын сотталғандарда кездеседі. Мәселен 2021 жылы 2- сотталған сот жүктеген міндеттерді және жаза талабын орындамағаны үшін, Қорғалжын аудандық сотымен өтелмеген бас бостандығын шектеу жазасы бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды.

Қорғалжын аудандық пробацзия қызметінің аға инспекторы әділет майоры Е.Қ. Рахметов

Ауданымыздың негізгі статистикалық деректері

Әлеуметтік дамуымыз.

Қорғалжын ауданы бойынша 2021 жылдың 1 қарашаға халық саны – 8486 адам.

2021 жылы қаңтар- қазан айларында туғандар- 164 адам, қайтыс болған – 84 адам, көшіп келгендер саны – 187 адам, кеткендер саны - 397 адам.

2021 жылғы қаңтар-қараша айларында тіркелген қылмыстар саны - 42, оның ішінде ауыр, аса ауыр қылмыс –1, алдау – 1, тонау -1, ұрлық-13.

Жыл басына жұмысқа орналасу мәселесі бойынша өтініш жасағандар – 323 адам, жұмысқа тұрғандар – 321.

Кезең соңында есепке алынған жұмыссыздар саны 74 адам.

2021 жылғы 3 тоқсан орташа бір айлық еңбек жалақысы – 150308 теңге.

2021 жылғы қарашадағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы –36387 теңге.

Экономиканың нақты секторы.

2021 жылдың қаңтар-қараша айындағы өнеркәсіп өнімінің көлемі – 1330,7 млн.теңге, 2020 жылымен салыстырғанда – 75,6 %.

Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу 2021 жылғы қаңтар-қараша 146,2 %-бен.

Өндеу өнеркәсібі - 67,9 пайызбен болды.

Электрмен жабдықтау, газ,бу беру және ауа баптау 97,9 %.

Сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылау 89,3 % болып тұр.

2021 жылғы қаңтар-қараша айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар – 4515,9 млн. теңге, 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда – 142,3%.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру – 4572 шаршы метр, 2020 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 144,5%.

Құрылыс жұмыстарының көлемі – 733,5 млн. теңге, 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда – 125,1%.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда –101,3 % болды.

Ауыл шаруашылығы

Тірідей салмақта союға өткізілген мал мен құс 1107,4 тонна, 2020 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 60,0 %.

Сауылған сиыр сүті 8632,1 тонна, былтырғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,1 пайызбен болып отыр. Алынған тауық жұмыртқасы 1034,5 мың дана, 2020 жылмен салыстырғанда 102,7 пайызбен болды.

2021 жылғы 1 желтоқсан айына жағдай бойынша мал мен құс басы.

Ірі қара мал

Шаруашылықтың барлық санаттарында –21358 бас, оның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарында –3522 бас, шаруа қожалықтары мен үй шаруашылығында –17836 бас

оның ішінде сиыр:

Шаруашылықтың барлық санаттарында – 10323 бас, оның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындары – 1483 бас, шаруа қожалықтары және үй шаруашылықтарында –8840 бас.

Қой мен ешкі:

Шаруашылықтың барлық санаттарында – 36332 бас, оның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарында – 5090, шаруа қожалықтары және үй шаруашылықтарында – 31242 бас.

Шошқа

Шаруашылықтың барлық санаттарында –27 бас, үй шаруашылығында – 27 бас.

Жылқы

Шаруашылықтың барлық санаттарында – 15279 бас, оның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарында – 4656 бас, шаруа қожалықтары мен үй шаруашылығында – 10623 бас.

Құс

Шаруашылықтың барлық санаттарында – 22679 бас, үй шаруашылығында –22679 бас.

Тіркелген кәсіпорындардың саны

2021 жылғы 1 желтоқсанға тіркелген кәсіпорындардың саны.

Барлығы – 232, оның ішінде: шағын – 228, орташа – 4. 2021 жылғы 1 желтоқсан айына шағын және орта кәсіпкерлік жұмыс істейтін субъектілер саны:

Барлығы - 538, шағын кәсіпкерлік - 112, жеке кәсіпкерлер - 245, шаруа (фермерлік) шаруашылығы - 181, 2020 жылмен салыстырғанда – 96,2 % болды.

Қорғалжын ауданы Статистика басқармасының бас маманы Адаспаева Б.К

Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері – көліктердің техникалық ақауынан және қозғалтқыш бөлігінің тоқ сымдарының қысқаша тұйықталуынан болып отыр. Осыған байланысты төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері жүргізушілерге көліктегі тоқ сымдарына назар аудару маңызды екенін ескертеді. Сол арқылы оқиғаның орын алуын төмендетуге болады. Ол үшін автокөліктер уақытында техникалық тексеруден өткізіліп тұруы қажет.

Автокөліктегі өрт қауіпсіздігі қағидалары

Автокөліктердің жүру жиілігі мен жылдамдықтарының өсуі жол көлік оқиғаларының орын алуына, адам өлімі мен материалдық шығынның өсуіне себеп болады. Олардың пайдалану тиімділігін арттыру-оның қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуге тікелей байланысты. Бұл техникаларды пайдалануда өрт қауіпсіздігін сақтау да өзекті мәселесінің бірі.

Автокөліктерде болған өрттердің салдары ауыр апаттарға, адам өлімі мен техникалардың істен шығуына әкеп соғады. Сондықтан олардың өрт қауіпсіздігі жағдайын арттыру мақсатында оларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қажет.

Автокөліктерді апаттардан және өрттерден қорғау мақсатында ең алдымен бұл мақсаттағы ережелерді сақтағандарыңыз жөн. Олардың механизмдері мен тораптарының дұрыс істеуін қадағалаңыз. Акумуляторларды тура көлік құралдарында, сондай-ақ осы мақсатқа икемделмеген үй-жайларда қосуға тыйым салынады. Гараж бөлмесін жылытуға, жарықтандыруға және көлік қозғалтқыштарын қыздыруға ашық от көздерін, сонымен қатар қолдан жасалған

электр жылытқыштарын пайдаланбаңыздар. Гараж бөлмесінде жанатын материалдардан жасалған үй жиһаздары мен бұйымдарын және жанатын сұйықтықтар мен тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтамаңыздар.

Сонымен қоса автокөлікте өрт болған жағдайда келесі іс-әрекеттерді қолдану.

Автокөлікті тоқтатыңыз. Автокөліктің қозғалтқышының өшіріңіз.

Капоттың құлпын босатыңыз, бірақ капотты ашпаңыз.

Барлық жолаушыларды автокөліктен шығарыңыз.

«101» нөмеріне қоңырау шалыңыз және өрт сөндірушілерді шақырыңыз.

Егер бұл қауіпті болмаса, автокөліктегі бар өрт сөндіргішті пайдалануға тырысыңыз.

Автокөліктерде болған өрттерді талдау нәтижесінде өрттердің шығуының басты себебі – автокөліктердің электр сымдарының қысқа тұйықталулар салдарынан болғандығы анықталды. Егер де автокөліктердің электр жүйесінде ақаулары байқалса, оны тез арада маманға көрсетіп жөндеу керек.

Қорғалжын ауданы ТЖБ және №15-ӨСБ

Отбасы – діни экстремизмге қарсы иммунитет негізі

Отбасы – тәрбие берудің ең басты бөлігі. Бала отбасынан алған тәрбиені, яғни махаббатты, айналадағыларға қарым – қатынасты, құндылықтарды өмір бойы сақтайды.

Бүгінгі таңда жастарды деструктивті ұйымдарға тарту өте қауіпті. Сондықтан да ата-аналар бұған өте сақ болулары керек.

Деструктивті діни ағымдар – адамға психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, рухани, психологиялық және физикалық жағдайын, сонымен қатар отбасы, қоғам мен мемлекетті бұзатын ұйымдар болып табылады. Олар халықтың ғасырлық тарихын және мәдениетін жоққа шығарып, өздерінің мінсіз мемлекетін құруды қалайды. Адамды қоғамнан оқшаулатып, оны мемлекет өкілдеріне, азаматтық тұлғаларға қарсы агрессивті бағыттайды. Адам өзінің жалған ілімдерінің кесірінен отбасы және достарымен ара қатынасын үзеді.

Өзінің маңыздылығы бойынша отбасының әлеуметтендіруші, тәрбиелік рөлі қандай да бір басқа әлеуметтік институттармен теңеспейді. Отбасы адамға бәрін береді. Ол адамның материалдық, моральдық, рухани, зияткерлік, эмоциялық сияқты негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырады. Тек тату отбасында ғана рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбие негізі қаланады, соның нәтижесінде бала бойына радикализм мен экстремизмге қарсы иммунитет сіңеді.

Деструктивті діни ұйымдарға түсу себептері өте көп. Бірақ ең басты себептер отбасымен байланысты:

1). Отбасында болатын эмоционалдық күйзелістер.

а) Бұл тармаққа ата-аналардың балаларға немқұрайлығын жатқызуға болады. Ата – аналар өз істерімен айналысқанда, олардың балалары екінші орынға шығады. Ата-аналарда балалармен айналысуға уақыттары жоқ, балалар туралы ештеңе білмейді, проблемаларына көңіл аудармай, олармен араласпайды. Ата-аналардан махаббат пен назарды алмаған бала оны түсіне алатын жанды бөтен адамдардың арасынан іздейді.

б) эмоционалдық күйзелістердің екінші тармағы – дау-жанжалдар. Кез келген отбасы өмір кезеңінде дау – жанжалдармен кездеседі. Алайда, бұл жанжалдар ұзаққа созылатын болса, ең бірінші бала зардап шегеді. Бала ата – аналар мен отбасының басқа мүшелері бір-бірімен қандай қарым-қатынаста екенін көреді және ажырасулар мен дау-жанжалдар баланың үйден мүлдем кетіп қалуына себеп болуы мүмкін. Осы уақытта балалардың ДДҰ-ға кету қаупі өседі.

2). Екінші себеп – адам басынан өткен дағдарыс. Мұндай факторға жақын адамнан айрылуды, адам басынан өткен ауруды, жасөспірімнің жастық дағдарысын, әлеуметтік беделдің төмендеуін жатқызуға болады.

3). Үшінші себеп – қоғамдағы жалғыздық. Бала үшін қандай да бір ортада оны түсіне алатын, қолдау көрсететін достардың болуы аса маңызды. (Мектепте, көшеде, құрбыларының арасында). Егер мұндай достар болмаса, бала оларды виртуалды әлемде іздестіруі мүмкін. Ал әлеуметтік желілер және интернет алдау және арбау жұмыстарын жүргізу үшін өте ыңғайлы.

Ешбір адам деструктивті діни ұйымға

өзінің қалауымен, өз ниетімен бармайды, адамдарды ол жерге тартады. Көбінесе, арбаушылар бірінші қадамды адам өмірде қиын жағдайларға тап болған кезде жасайды.

Мысалы, балаларды күшті, заманауи сауық кешеніне немесе шет тілі курстарына шақыруы мүмкін. Бұдан басқа біреулерге өзін және айналадағы әлемді жақсырақ тану үшін психологиялық курстарға, әртүрлі тақырыптардағы семинарларға шақырса, екінші біреулерге қызықты, жалақысы көп жұмыс ұсынулары да мүмкін. Тарту жұмыстарының көптеген әртүрлі тәсілдері бар. Басқаша айтқанда, ұйымның мүшелері – өте жақсы психологтар десек те болады, себебі олар кез келген адаммен қалай сөйлесу керектігін, олардың әлсіз жақтарын оңай біле алады. Мысалы, адам өмірлік қиын жағдайға тап болған кезде, әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін. Адам жан-жақтан көмек, достық, махаббатты іздейді. Ал деструктивті ұйымдағы адамдарда барлық сұрақтың жауабы бар. Сол уақытта қиын жағдайдағы адамның деструктивті ұйымның ықпалына түсу қаупі бірден артады.

Әрбір ата – ананы «мүмкін менің баламды осындай ұйымға шақырған шығар» деген ой мазалау керек. Баланың ДДҰ-ға кіргенін қалай білуге болады?

1. Өмір салтының өзгеруі: немқұрайлық пайда болады;
2. Діни мазмұндағы түрлі кітаптардың пайда болуы;
3. Ата-анасына айтпайтын жаңа достардың пайда болуы;
4. Интернетте іздеу тарихын жою;
5. Өмір мәні, дін туралы әңгімелер қозғау;
6. Діни бағдарламаларды жүктеу;
7. Діни сөздер мен терминдерді қолдану;
8. Әлеуметтік желілерде пароль қояды.

Егер осы аталған белгілердің бірнешеуі сәйкес келсе, бұл сіздің балаңызға қауіп төніп тұр деген бірінші белгі. Мұқият ойланyp, жағдайды дереу шешу керек.

Ата – аналарға ескерту!

Балаңыздың экстремистердің ықпалына түсу қаупін азайту үшін бірнеше қарапайым ережелерді сақтау керек:







1. Есіңізде болсын! Ең бірінші балаға махаббат, эмоционалды қабылдау, көңіл бөлу, психологиялық қолдау қажет;
2. Балаларыңызға ерте жастан бастап мұқият болыңыз;
3. Әлеуметтік желілерде бөтен адамдардан келген өтініштерді қабылдамау және олармен сөйлеспеу;
4. Дін саласындағы ақпаратты тек сенімді дереккөздерінен алу.

Егер Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз деструктивті ұйымдардың ықпалына тап болып, зардап шексе, 72-25-96 сенім телефонына хабарласыңыз!

Ақмола облысы Дін істері басқармасының

«Конфессияаралық қатынастарды дамыту және талдау орталығы» КММ кеңес беру және оңалту бөлімінің психолог маманы Шалхарова Г.Б.

Прогноз погоды

Пт 24 дек  -8° -16° Небольшой снег	Сб 25 дек  -11° -12° Небольшой снег	Вс 26 дек  -11° -16° Небольшой снег	Пн 27 дек  -10° -9° Снег
Вт 28 дек  -6° -6° Снег	Ср 29 дек  -5° -7° Снег	Чт 30 дек  -8° -17° Небольшой снег	Пт 31 дек  -10° -13° Пасмурно

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-АяуЖан»
Директор/редактор:
Ботагөз Тажимова
Дизайнер-беттеуші:
Абдрасимова Айнагүл

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауылы,
Досымсейіт Отарбеков
көшесі 9,
тел: +77028476242

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-АяуЖан» ЖШС
редакциясында теріліп жиналды,
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Тапсырыс № 647
Таралымы 600 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
көз-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы фактілер
үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан жарияланбайды.